



## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 желтоқсандағы № 1069 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2024 жылғы 18 желтоқсандағы  
№ 1069 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері республикалық меншікте қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 21-155-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-218-жолмен толықтырылсын:

"21-218. "ӨРКЕН" балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамы."

2. "Қазақстан Республикасының Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенциядан туындайтын міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 966 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияға сәйкес міндеттерді орындау үшін орталық орган болып белгіленсін."

3. "1980 жылғы 25 қазандағы Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенциядан туындайтын міндеттемелерді Қазақстан Республикасының орындауын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 519 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Қазақстан Республикасының аумағында 1980 жылғы 25 қазандағы Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенцияның (бұдан әрі – Конвенция) ережелерін орындау жөніндегі орталық орган болып белгіленсін."

4. "2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімді іске асыруға жауапты Қазақстан Республикасының құзыретті органын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 882 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Келісімнің ережелерін іске асыруға жауапты Қазақстан Республикасының құзыретті органы болып айқындалсын."